

Коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды пайдалану Қағидаларын бекіту туралы

Түркістан облысы Шардара аудандық әкімдігінің 2026 жылғы 6 тамыздағы № 302 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 10 тамызда № 39532 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 246-бабына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 18-бабының 22) тармақшасына сәйкес, Шардара ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды пайдалану қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Шардара ауданы әкімінің жетекешілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шардара ауданының әкімі

А. Карсыбаев

Шардара ауданы әкімдігінің

"6" тамыздағы 2026 жылғы

№ 302 қаулысымен бекітілген

Коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды пайдалану қағидалары

Коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды пайдалану қағидалары (бұдан әрі - Қағида) Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 246-бабына, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 18-бабының 22) тармақшасына сәйкес әзірленді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

- 1) жануарлар - омыртқалы жануарлар;
- 2) қараусыз қалған жануарлар - ұстау орнынан тыс жерде және жануардың иесі және (немесе) жауапты адам тарапынан бақылаусыз қалған жануарлар;
- 3) жануардың иесі – жануар меншік құқығымен немесе өзгедей заттық құқықпен тиесілі болатын жеке немесе заңды тұлға;

2-тарау. Қараусыз қалған жануарларды коммуналдық меншікке пайдалану тәртібі

2. Қараусыз немесе қаңғып жүрген малды және басқа да үй жануарларын немесе қолға үйретілген жануарларды ұстап алған адам оларды меншік иесіне қайтаруға, ал егер оның өзі немесе тұрған жері белгісіз болса, осындай жануарларды ұстаған кезден бастап үш күннен кешіктірмей табылған жануарлар туралы ішкі істер органдарына немесе жергілікті атқарушы органдарына мәлімдеуге міндетті, олар меншік иесін іздестіру шараларын қолданады.

Жануарлардың меншік иесін іздестіру кезеңінде жануарларды ұстаушы адам оларды өзінің бағуында және пайдалануында қалдыруы, не ол бағу мен пайдалану үшін қажетті жағдайы бар басқа адамға тапсыруы мүмкін. Жануарларды ұстап алған адамның өтініші бойынша оларды бағу мен пайдалану үшін қажетті жағдайы бар адамды іздеп табуды және оларға жануарларды беруді Шардара ауданының әкімдігі жүзеге асырады.

3. Жануарларды ұстап алған адам және олар бағуы мен пайдалануына берілген адам жануарлардың өлім-жітімі мен іске жарамай қалғаны үшін бұған кінәсі болған кезде ғана және сол жануарлардың құны мөлшерінде жауапты болады.

4. Егер жұмыс малы мен ірі қараны ұстап алғаны туралы мәлімделген кезден бастап алты ай ішінде және басқа үй жануарлары жөнінде - екі ай ішінде олардың меншік иесі табылмаса және оларға өзінің құқығы туралы мәлімдемесе, бұл жануарларға меншік құқығы жануарларды баққан және пайдаланған адамға көшеді.

5. Жануарларды меншік иесіне қайтарған ретте жануарларды ұстап алған адам және жануарларды бағып, пайдаланып келген адам сол меншік иесінен жануарларды пайдаланудан алынған пайданы есепке жатқыза отырып, оларды бағуға байланысты өз шығындарына өтем алуға құқылы.

6. Жануарлар басқа адамның меншігіне көшкеннен кейін олардың бұрынғы меншік иесі келген ретте сол жануарлардың өзіне үйірсектігі сақталғанын немесе жаңа меншік иесінің оларға қатал не өзгедей мейірімсіз қарағанын дәлелдейтін жағдайлар болған кезде меншік иесі жаңа меншік иесімен келісім бойынша белгіленетін шарттармен, ал келісімге келмеген кезде - сот арқылы оларды өзіне қайтарып беруді талап етуге құқылы.

7. Қараусыз қалған жануарлардың аудандық коммуналдық меншікке келіп түсуі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі № 833 қаулысымен бекітілген "Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану қағидаларына" сәйкес мүлікті тізімдеу, бағалау және (немесе) қабылдау-беру актісі негізінде жүзеге асырылады.

8. Коммуналдық меншікке түскен қараусыз жануарларды есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі № 833 қаулысымен бекітілген Қағидаларының 2 - қосымшасына сәйкес нысан бойынша мүлікті тізімдеу, бағалау

және (немесе) қабылдау-беру актілерін есепке алу кітабы жүргізіледі. Аталған жұмыстар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Шардара ауданының экономика және қаржы бөлімімен жүзеге асырылады.

9. Жануарларды баланстық есепке алу олардың бағалануы жүргізілгеннен кейін, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 12 мамырдағы № 223 "Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес қабылдау-тапсыру актісі негізінде жүзеге асырылады.

10. Шардара аудандық коммуналдық меншікке түскен қараусыз жануарлар мынадай тәсілдердің бірімен пайдаланылады:

1) аукцион арқылы сату;

2) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілерге өтеусіз беру.

11. Қараусыз жануарларды одан әрі пайдалану мәселелерін қарау Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі № 833 қаулысымен бекітілген Қағидалардың 16-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

12. Сот қараусыз қалған жануарларды коммуналдық меншікке түсуіне негіз болған актінің күшін жойған (тиісті бөлігін өзгерткен) жағдайда Шардара ауданының экономика және қаржы бөлімі мүлікті заттай қайтаруды жүргізеді. Егер мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өткізілген болса, оның құнын өтеу оны өткізуден алынған қаражат шегінде жүргізіледі.

13. Қараусыз қалған жануарларды сатудан түскен қаражат Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жергілікті бюджет кірісіне толық көлемде есепке алынады.

14. Қараусыз қалған жануарларды есепке алуға, бағалауға, оны сатуды ұйымдастыруға одан әрі пайдалану жөніндегі өзгеде шығындарға байланысты шығыстар Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.